



EGEMEN QAZAQSTAN

РЫСКҰЛОВ-125

# Ұлтшыл күрескер

(Соңы. Басы 124-нөмірде)

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ

Бұл кездері Түркістанның азаттығы үшін эмиграцияда жүрген Мұстафа Шоқай, Тұрар Рысқұловтың жасаған бағытталған іс-әрекетіне жоғары баға берді. Ол 1923 жылы жарияланған «Түркістанда ұлттық қозғалыс» атты мақаласында Тұрар Рысқұловтың бастамасын «өзбек, қазақ, қырғыз, башқұрт және татарларды біріктіретін тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру жолында жасалған әрекет» деп бағалап, бұл әрекеттің шығыс халықтары арасында үлкен серпіліс туғызатынын қуана хабарлады. Сондай-ақ, 1927 жылы «Иені Түркістан» журналында жарияланған бір мақаласында «Мұсбюроның 1920 жылы болған III конференциясында түрік қауымдарының басын біріктіру әрекеті «пантүрікшіл» деп айыпталды. ...Түрік ұлыстарының өз қалауы бойынша бірігіп, Орталық Азияда ұлттық түрік республикасын құру әрекетіне қарсы Мәскеу күш қолданып, Қызыл Армия арқылы тұсау салды», деп дұрыс атап көрсетті. Бар ғұмырын Түркістанның тұтастығы жолында сарп қылған Мұстафа Шоқай, сонымен қатар «Яш Түркістан» журналында жарияланған «Кенестік Орта Азия Федерациясынан Түркістан ұлттық тәуелсіз мемлекетіне» атты мақаласында Тұрар Рысқұлов және оның серіктері жайында былай деп жазды: «...ұлттық намысы мен иманын жоғалтпаған түркістандық коммунистер федерация идеясын көтерген болатын. ...Большевиктер түркістандықтардың ұлыстық өмірден ұлттық мемлекет құруға қарай жылжуына барынша кедергі жасайды. Біз бұл арада Тұрар Рысқұлов басшылығында Түркістан коммунистерінің әрекеттерін, яғни олардың Түркістанда тәуелсіз мемлекет құруға қарай жасаған ұмтылыстарын оқырмандардың естеріне сала кетуді жөн көріп отырмыз. 1919 жылы партия конференциясында Түркістан коммунистері Мәскеудің «ұлттық шекараға бөлу» деген шұбар саясатынан бұрын «тәуелсіз Түркістан мемлекетін» құру идеясын көтерген еді. ...Біз Түркістан ұлттық коммунистерінің бүгінгі большевиктік «Орта Азия федерациясы» бағдарламасының әрбір түркістандықтың қасиетті ұлттық міндеті болып табылатын біртұтас тәуелсіз Түркістан мемлекеті мұратына қарай жақында түсетініне ешбір шүбә келтірмейміз». Мақалада айқын айтылғандай, Мұстафа Шоқай Тұрар Рысқұловтың идеясын тәуелсіз Түркістан мемлекетін құру әрекеті деп бағалады. Осы орайда айта кетуге тиіспіз, Түркістанның қос бәйтерегі Мұстафа Шоқай мен Тұрар Рысқұловтың өмірлік мұрат-мақсаты мен күрес жолы осы «тәуелсіз Түркістан мемлекеті» идеясы төңірегінде тоғысып жатқан еді. Бір мақсат жолында бірі шетте жүріп алысса, екіншісі күші басым билікпен іште жүріп жағаласты.



“ **МҰСТАФА ШОҚАЙ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ИДЕЯСЫН ТӘУЕЛСІЗ ТҮРКІСТАН МЕМЛЕКЕТІН ҚҰРУ ӘРЕКЕТІ ДЕП БАҒАЛАДЫ. ОСЫ ОРАЙДА АЙТА КЕТУГЕ ТИІСПІЗ, ТҮРКІСТАННЫҢ ҚОС БӘЙТЕРЕГІ МҰСТАФА ШОҚАЙ МЕН ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ӨМІРЛІК МҰРАТ-МАҚСАТЫ МЕН КҮРЕС ЖОЛЫ ОСЫ «ТӘУЕЛСІЗ ТҮРКІСТАН МЕМЛЕКЕТІ» ИДЕЯСЫ ТӨНІРЕГІНДЕ ТОҒЫСЫП ЖАТҚАН ЕДІ. БІР МАҚСАТ ЖОЛЫНДА БІРІ ШЕТТЕ ЖҮРІП АЛЫССА, ЕКІНШІСІ КҮШІ БАСЫМ БИЛІКПЕН ІШТЕ ЖҮРІП ЖАҒАЛАСТЫ.**

еді. Комитетте Тұрар Рысқұловтың Комитеттің Сырдария облысына жеткізілі өкілі етіп тағайындау туралы сөз болады. Көп ұзамай Тұрар партия қатарына өтеді. Осыдан бастап мүдделес кісілердің күрес тәсілін өзгертіп, екі бағытта жұмыс істеуіне тура келеді.

### Басмашылық қозғалысы мен ұлттық ұйымдар арасында қандай байланыс бар еді?

Орталықтың әртүрлі айыптауларына қарамастан, Тұрар Рысқұлов ұлт тағдыры талқыға түскен шақта бұйып қала алмады. Ол 1920 жылы қыркүйек айында Бакуде өткен Шығыс халықтары құрылтайында сөйлеген сөзінде «Шығыста таза коммунистік төңкеріске иек артуға болмайды. Төңкеріс ұлттық және ұсақ буржуазиялық сипатта болып, уақыт өте келе халықтың қозғалысы айналады. Шығыста жұмысшы табы әлсіз болғандықтан, халыққа буржуазиялық демократтар жетекшілік жасауы тиіс» деп атап көрсетеді. Тұрардың сөзін өзбек ұлтынан шыққан қайраткер тұлға Нарбутбеков қолдағанымен, жалпы құрылтай жұмысы большевиктердің бақылауында өтеді. Құрылтайға Тұрар Рысқұловпен бірге барған Зәки Валиди, өз естеліктерінде атақты Әнуар паша қатысқан құрылтай жұмысынан кейін көп жайттың өзгергенін жазды. Құрылтай кезінде «Түрік коммунистік партиясының» жетекшісі Мұстафа Супхи Соисаллыоғлымен жасырын кездесу өтеді. Баку құрылтайынан кейін көп ұзамай кезегімен Зәки Валиди, Төркеұл Жанұзақов және Әнуар паша басмашылар сапына өтіп кетеді.

Осылайша, ұлт зиялыларының толығымен бірге, Мұстафа Шоқайдың сөзімен айтқанда, басмашылық қозғалысының екінші кезеңі басталды. Ұлт-азаттық қозғалысы кең ауқымды қамтыды. Басмашылық қозғалысына Әнуар паша қосылғаннан кейін, мүлдем жаңа сипат алды. Түркістандық ұлт зиялылары Әнуар пашаға үлкен үміт артты. Түркістан халықтарының ұлт-азаттық күресі саналған басмашылық қозғалысы жер-жердегі астыртын ұйымдармен байланыста болды. Мәселен, 1921 жылы ақпан айында башқұрт, қазақ, өзбек және түрікмен ұлттық ұйымдарының өкілдері Бұхараға келді. Мұнда Түркістандағы негізгі үш ұйымның, атап айтқанда Алашорда, жәдитшілдер

және социалистік бағыттағы «Ерік» партиясының біріккен бағдарламасы қабылданды. Зәки Валидидің естеліктерінде айтылғандай, Алашорда өкілдері Хайретдин Болғанбаев, Дінше Әділов және қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Өүезовтің қатысуымен қабылданған бұл бағдарламада тәуелсіздік, демократиялық республика, ұлттық армия, ұлттық экономика, халық ағарту ісінің жаңа жолға қойылуы, ұлт мәселесі және діни бостандық сияқты барлығы жеті баптан тұратын ауқымды мәселелер қарастырылған болатын. Дегенмен, сұңғыла саясаткер ғана емес, дәуірінен озық туған ойшыл да бола білген Тұрар Рысқұлов, басмашылық қозғалысының түпкілікті жеңіске жете алмасын білді. Бұл мәселеде қос бәйтерек қарапайым халықтың қанға бөгіп, қызыл қырғынның құрбаны боларына қауіптеніп, қабырғасы қайысты. Сондықтан басмашылық қозғалысының бел ортасында жүрген Зәки Валиди, өз кезегінде «Рысқұлов басмашылық қозғалысындағы әскерді аман сақтап, оларды келешек «Мұсылман Қызыл Армиясы» қатарына қабылдауды, осылайша ұлттық армия жасақтаудың қажеттілігін жақтайтын еді» деп жазды.

Бұл кезеңде Тұрар Рысқұлов және басқа да халықтың ұлтшыл ұлдарының жанқияр еңбектері нәтижесінде көптеген астыртын ұйымдар құрыла бастады. Ұлт зиялылары, Алашорда және Түркістан үкіметтерінің бұрынғы мүшелері және талантты ақын-жазушылар Ташкентке топтаса бастады. Сондықтан жасырын ұйымдардың қайсібірі әдебиет үйірмесі ретінде, енді бірі бірлестік болып құрылып жатты. Астыртын ұйым мүшелері кейде әдебиет кештерінде жолығып, бас қосатын, ал кейде үйлердің қалтарыстарында, дәліздерде, подвалдарда, вагондарда кездесіп, хабарласатын еді. Негізін Мұстафа Шоқай қалаған осындай астыртын ұйымның ең үлкені «Түркістан Ұлттық Бірлігі/Туркестанская национальная объединение» деп аталды. Аталмыш ұйым 1920 жылдан бастап, 1921 жылы толық құрылып бітті. Ұйымның құрылуына Түркия Республикасының да өзіндік үлесі болды. Атап айтар болсақ, 1921 жылы шілде айының соңына таман Түркиядан Мұстафа Кемал Ататүріктің тапсырмасы бойынша Ұлттық Мәжілістің мүшесі Мұстафа Супхи Соисаллыоғлы Бұхараға келді. Оның ұсынысы бойынша «Түркістан Ұлттық Бірлігі» құрылып,

оның төрағасы болып Зәки Валиди сайланды. Тамыз айының 3-5 күндері комитеттің алғашқы отырысы болып, комитет бұдан былай «Орта Азия ұлттық мұсылман ұйымдарының одағы» деп аталды. Айта кету керек, бұл одаққа көп еңбек сіңіргендердің бірі – Тұрардың жақын серігі, қырғыз халқының аяулы перзенті Төркеұл Жанұзақов еді. Ұйым кейінірек «Түркістан Ұлттық Бірлігі» болып қайта құрылды және Мұстафа Шоқай ұйымның Еуропадағы өкілі болып сайланды. Ал 1921 жылы 18 қыркүйекте Зәки Валидидің ұйытқы болуымен VII Түркістан Ұлттық құрылтайы өтті. Тағы да Валидидің естелігіне жүгінер болсақ, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхаметжан Тынышпаев және Тұрар Рысқұловтың хабары болғанымен, түрлі себептермен құрылтай жұмысына қатыса алмады. Григорий Сафаров сияқты большевиктер тарапынан «пантүрікшіл», «басмашылардың рухани көсемі» деп айыпталған Тұрар Рысқұловтың орталықтың пиғылынан қаймықпай, Зәки Валидимен және түрікшіл-ұлтшыл топтармен байланысын астыртын жалғастыра бергенін байқаймыз. Тұрар Рысқұлов түрікшілдік идеясын және жаңадан құрылып жатқан Түркия Республикасымен байланыс орнатуды ерекше қолдады. Белгілі тұрартанушы Ордалы Қоңыратбаев атап көрсеткендей, түрік халықтары коммунистерінің II Жалпыресейлік кеңесінде «пантүрікшілдік» идеясының түрік халықтары үшін орасан зор пайдасы бар екеніне тоқталған Рысқұлов Түркия туралы былайша ой өрбітеді: «Біздің айтайын дегеніміз Түркия, империалистік Түркия, ол енді жоқ. Шығыстың орасан зор халқын соңынан ертетін жаңа Түркия бар. ...Қазір Кемалдық Түркия түрік халықтарының қозғалысына басшылықты кеңестік Ресей жасай алмайды деп мәлімдегісі келіп отыр. Біз олардың айтқанының дұрыс екенін мойындауымыз керек».

Жалпы, бұл кезеңде барлық ұлтшыл топтар мен астыртын ұйымдардың бір-бірімен байланысы болғанын аңғару қиынға соқпайды. Мәселен, татардан шыққан қайраткер тұлға Мирсаид Сұлтанғалиевтің Башқұртстандағы партия жетекшілерінің бірі Адигамоваға жазып, алайда И.В.Сталиннің қолына түскен хатында да «Валидимен байланыс құр» деген сөйлем бар еді. Ал Валидимен байланыс құру – басмашылық қозғалысымен байланыс орнату екені айтпаса да түсінікті жайт. Сондай-ақ қулығына құрық бойламайтын Сталин, Сұлтанғалиевтің Тұрарға жазған жасырын хаттарын да білетін еді.

### Эмиграцияда жалғасқан күрес

Алғашқыда большевиктік билік ұзаққа бармайды деп ойлаған ұлт зиялылары, жаңа үкіметтің алысқа шабар кең тынысын сезгеннен кейін ұлттық күрестің ауқымын кеңейту мақсатында шет елдерге жастарды жіберуді көздеді. Өйткені шет елдерге шығудың басқа амалдарды таусылғандықтан, тығыртықтан шығар жол ретінде осы бағыт таңдап алынды. Бұл үшін Бұхара Халық Республикасы үкіметінің төрағасы Файзулла Хожаяев пен Тұрар Рысқұлов бастама көтеріп, 60-қа таяу оқушыны Түркия мен Германияға жіберу үшін дайындады. Осы мақсатта 1922 жылы «Көмек» атты ұйым құрылды. Мұнаууар Қари бастаған жәдитшілдер мен ұлт зиялылары аталмыш ұйымға үлкен көмек көрсетіп, халықтан қаржы жиналды. Осы жылы Ташкент қаласында әдеби кеш өтіп, мұнда оқушылар үшін 7500 сом қаражат жиналды. Алманияға жіберілген оқушылар арасында Әзімбек Бірімжанов, Тахир Шағатай, Абдуллаев Октай, Ибраһим Яркин сияқты кейінірек Еуропада құрылған «Түркістан Ұлттық Бірлігінің» мүшелері бар болатын. Ұели Қаюм да осы топтың ішінде еді. Оқушыларды Мәскеу қаласына дейін Мұстафа Шоқайдың жақын серігі Убайдулла Хожаяев ертіп апарды. Оқушылар Алманияға жеткеннен кейін, Мұстафа Шоқай оларға басшылық жасады. Мұстафа Шоқайдың сөзімен айтқанда, «Алманияда оқыған түркістандық жастар шындығында Түркістан ұлт-азаттық күресінің алдыңғы сапынан көріне білді. «Яш Түркістан» соларға және Түркиядағы жастарға арқа сүйеп дүниеге келді. Осы жастардың белсене ат салысуының арқасында ол өз ісін жалғастыра білді». Оқушылардың жай-күйімен танысу мақсатында 1922 жылдың соңына таман Бұхара Халық Республикасы үкіметінің төрағасы Файзулла Хожаяев Алманияға барып катты. Ал Тұрар Рысқұлов Түркістан АКСР-і Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы ретінде 1923 жылы Алманияға

барып, оқушылармен кездесіп, жүздесіп қайтты. Осы жолы оның Алманияда жүрген Мұстафа Шоқаймен кездесіп-кездеспегені жөнінде қолымызда мәлімет жоқ. Тумысынан талантты әрі идеялас екі саясаткердің саятқы үшін кездеспеуі, бірақ жең ұшынан жалғасып, жасырын хабарласуы да мүмкін. Өйткені Тұрар Рысқұловты қырағы көздер қас қақпай қадағалап отырғаны белгілі. Оның үстіне, Тұрар өз мақаласында оқушылардың Еуропадағы түрік тектес эмигранттармен, яғни Мұстафа Шоқай сияқты түркістандықтармен кездесетінін, алайда олардың оқушыларға ешқандай кері әсері жоқ екенін жазған болатын. Сондықтан онсыз да орталықтың «сенімінен шығып кеткен» Т.Рысқұловтың бұл сапары ақыр аяғында үлкен дауға ұласты. Тұрар Рысқұловтың 1938 жылы «сотында» тағылан айыптар негізінен оның 1919 жылдан бері үкіметке қарсы «Иттихат ва таракки» ұйымына мүше болғаны және осы 1923 жылдан бастап Алманияға жұмыс істегені төңірегінде болған еді.

Алмания сапарында эмиграциядағы шовинистердің және сапардан кейін Мәскеулік шовинистердің аяусыз сынына іліккен Т.Рысқұлов, 1924 жылы Правда газетіне «Эмиграция в Туркестане» атты мақала жариялады. Аталмыш мақаласында ол Мұстафа Шоқайдың эмиграциядағы «Дни» газетінде жарияланған «В новом Туркестане» және «Наследие Ленина в Туркестане» атты мақалаларына жауап жазды. Аталмыш мақаласында деректерге көбірек жүгінген Тұрар Рысқұлов, Шоқайға қарсы гайбат сөз қолданбайды. Тұрардың тағы бір мақаласы «Еңбекшіл Қазақ» газетінің 1924 жылғы №231 санында жарық көрді. «Түркістан туралы Ресей қашқындары» деп аталатын мақала «Правда» газетіне жарияланған мақаланың аудармасы іспетті еді. Бұл мақалада да ол Мұстафаның «Жаңа Түркістан» журналында жарық көрген мақаласын талдайды. Біз бұдан Тұрардың Мәскеу алдында ақталуға мәжбүр болғанын байқаймыз. Сондай-ақ әйгілі Сұлтан Ғалиевтің сотымен тұтас келген бұл кезеңде Мұстафа Шоқайдың да Тұрар Рысқұлов пен Түркістандық шәкірттерге қарсы бағытталған сталиндік қаһарлы сынды ескеруіне тура келді. Сондықтан ол Рысқұлов туралы сөз болғанда «Сталиннің фавориті», «большевиктердің Түркістандағы сенімді өкілі» сияқты сөздерді қолдана бастады. Шоқай мұндай сөздері арқылы «Рысқұлов шынында Сталинге берілген, адал большевик, менің онымен қатысым жоқ» деген ұғым қалыптастырып, Түркістанның қайраткер ұлын төніп келе жатқан қауіп-қатерден қорғаудың бір амалын қарастырғаны еді. Кейінірек, түркістандық шәкірттердің бір бөлігі елге оралғаннан кейін де Шоқай оларды қорғау мақсатында былай деп жазды: «Мен мынаны айтуға тиіспін: Түркістанда болып жатқан оқиғаларды күнбе-күн біліп отыру мүмкіндігім жоқ болғандықтан, Түркістандағы жас еркенге еліміздегі ұйымдар жайлы бағыт беретін ондай аңқау адам емеспін. Егер мен осылай еткен болсам, онда екі түрлі ауыр қателік жіберген болар едім. Біріншіден, саяси жөне әлеуметтік мәселелерде қателік жіберген болар едім. Екіншіден, саяси күрес пен ұйымдастыру тәжірибесі кемшін бір жас түркістандықты тура жәдиттердің тұзағына түсірген болар едім». Сонымен қатар эмиграциядағы Керенский бастаған орыс және армян шовинистері Шоқайға да тиіспін, оны «Дни», «Возрождение», «Последние новости» сияқты газеттердің беттерінде «пантүрікшіл» деп айыптай бастағанын және осы бағытта жазылған араңдатушы мақалалар көбейіп кеткеннен кейін, Мұстафа Шоқай бұларға арнайы жауап жазды. Тіпті, «Последние новости» газетінің бас редакторына жазған хатында Мұстафа Шоқай өзінің Тұрар Рысқұловпен ешқандай байланысы жоқ екенін алға тартты. Аталмыш хатында ол Рысқұловтың большевиктер тарапынан «фашистік Алманияның агенті» ретінде айыпталып жатқанын, шын мәнінде Рысқұлов келген 1923 жылы Алманияда әлі фашистік биліктің орнықпағанын да ескертіп өтті. Мұстафа Шоқай, осылайша шовинизмнің тегеурінді шабуылына тойтарыс беріп, одан Рысқұлов пен өзін арашалап алуға ұмтылды.

Түйіндей айтқанда, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы елде және эмиграцияда бір бағытта жүрді. Қолына қару алып, басмашылық қозғалысына қатысушылар, партия қатарындағы ұлт жанашырлары және эмиграциядағы қайраткер тұлғалар іштей үндесіп, бірлесіп жатты. Оның бір шетінде Тұрар Рысқұлов бастаған топ тұрды.